

"Эйр Қазақстан" жабық акционерлік қоғамының кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 13 қыркүйек N 1004

Ұлттық тасымалдаушының қызметіне тиімді басшылықты қамтамасыз ету және ұлттық тасымалдаушы жүзеге асыратын ұшулардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі белгіленген тәртіппен:

1) "Эйр Қазақстан" жабық акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Қоғам) мен "Қазаэронавигация" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының (бұдан әрі - Кәсіпорын) арасында 2002 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қоғамның Кәсіпорын алдындағы берешегін өтеу мерзімін 2011 жылғы 1 қаңтарға дейін ұзарту туралы келісімді, Келісімде мыналарды:

берешек сомасынан айыппұлдар мен өсімдерді алып тастауды;

Қоғамды айыппұлдар мен өсімдер салудан босатуды;

Қоғамға көрсетілген берешекті өтеу жөніндегі жеңілдікті кезеңді - 5 (бес) жылға беруді көздей отырып;

2) "Қазкоммерцбанк" ашық акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Банк) мен Қоғамның арасында, Қоғамның Банк пен Қоғам арасында бұрын жасасқан 5402500000 (бес миллиард төрт жүз екі миллион бес жүз мың) теңге мөлшеріндегі барлық кредиттік келісімдері бойынша негізгі қарызды, сыйақыны (мүдде), айыппұлдар мен өсімдерді қоса алғандағы қарызды кешіруді көздейтін келісім жасасуды қамтамасыз етсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті белгіленген тәртіппен Қоғамның мүлкіне иелік етуді және мүлкін сатуды шектеу жөніндегі шараларды қолданбай, осы берешек сомасына Қоғам акцияларының қосымша эмиссиясын мәжбүрлі шығару жолымен салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша Қоғамның берешегін мәжбүр түрде өндіріп алу шараларын қолдансын.

3. Банктің мынадай ұсыныстары қабылдансын:

1) осы қаулының 1-тармағының 2) тармақшасында көзделген Келісімді жасасқан жағдайда Банкке тиесілі 150000 (жүз елу мың) Қоғамның акцияларын мемлекеттің 2390700000 (екі миллиард үш жүз тоқсан миллион жеті жүз мың) теңгеге сатып алуы туралы;

2) меншік құқығында Банкке тиесілі Қоғамның 150000 (жүз елу мың) акциясын мемлекетке сенімгерлік басқаруға беруді көздейтін Банк пен Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру

комитетінің арасында Банкке тиесілі Қоғамның саны 150000 (жүз елу мың) дана акциясын сенімгерлік басқару шартын жасасу туралы.

4. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі мен Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетіне Алматы қаласы, Жібек жолы көшесі, N 111 мекен-жайы бойынша орналасқан Кәсіпорынға тиесілі аэровокзалдың ғимаратын (бұдан әрі - аэровокзалдың ғимараты) белгіленген тәртіппен беруді қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті белгіленген тәртіппен аэровокзалдың ғимаратын Қоғамның жарғылық капиталына оның жарғылық капиталдағы төленбеген бөлігінің есебіне б е р с і н .

6. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қоғамның жарғылық капиталына А 310-300 (сериялық нөмірлері 399 және 412) екі әуе кемесін беру қ а м т а м а с ы з е т с і н .

7. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі белгіленген тәртіппен оған "Ертіс Авиа" авиакомпаниясы" ашық акционерлік қоғамын қосу жолымен Қоғамды қайта ұйымдастыру туралы шешімді Акционерлердің жалпы ж и н а л ы с ы н а е н г і з с і н .

8. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі және Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі осы қаулыны орындау жөнінде қажетті шаралар қабылдасын.

9. "ҚазАвиаЛизинг" жабық акционерлік қоғамын құру туралы" Қазақстан

Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 31 мамырдағы N 601

P020601_

қаулысына

мынадай өзгерістер енгізілсін:

2-тармақ алынып тасталсын.

10. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары К.Қ.Мәсімовке жүктелсін.

11. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК